

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024 – 2025, 2025 – 2026, 2026 – 2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 118 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 25 тамыздағы № 430 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына және 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық конкурстық комиссияның 2025 жылғы 21 тамыздағы № 3-РКК хаттамасының негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024 – 2025, 2025 – 2026, 2026 – 2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 118 бұйрығына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі: Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

Білім беру саласының коды және сыныптамасы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Оқу жылы/ жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге) / 1 студентті оқытуға жұмсалатын 1 (бір) кредиттің шығыстары (теңге)	
		ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

1	2	3	4
6B01 Педагогикалық ғылымдар	1 3226	1 139,2/18986	1 008,1/16 801
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	1 915	1 209,3/20155	1 055,9/17 598
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	1 485	905,8/15 096	803,9/13 398
6B04 Бизнес, басқару және құқық	1 423	905,8/15 096	803,9/13 398
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	9 188	933,6/15 560	831,8/13 863
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1 1585	1 111,4/18523	1 009,6/16 826
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	1 8846	1 111,4/18523	1 009,6/16 826
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	2 379	933,6/15 560	831,8/13 863
6B09 Ветеринария	1 275	1 242,6/20710	1 089,3/18 155
6B11 Қызмет көрсету	2 200	905,8/15 096	803,9/13 398
Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға, оның ішінде:	2 412		
6B01 Педагогикалық ғылымдар	1 022	1 139,2/18986	1 008,1/16 801
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	1126	1 111,4/18523	1 009,6/16 826
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	234	933,6/15 560	831,8/13 863
6B09 Ветеринария	30	1 242,6/20710	1 089,3/18 155
Сараланған грант, оның ішінде:	300		
6B01 Педагогикалық ғылымдар	150	569, 6	504,05
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	150	452,9	401,95
Батыс өңірлердің жастарын жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін нысаналы білім беру гранттары, оның ішінде:	2500		
6B01 Педагогикалық ғылымдар	437	1 139,2/18986	1 008,1/16 801
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	120	1 209,3/20155	1 055,9/17 598
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	171	905,8/15 096	803,9/13 398
6B04 Бизнес, басқару және құқық	242	905,8/15 096	803,9/13 398
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	119	933,6/15 560	831,8/13 863
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	595	1 111,4/18523	1 009,6/16 826
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	726	1 111,4/18523	1 009,6/16 826
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	30	933,6/15 560	831,8/13 863
6B11 Қызмет көрсету	60	905,8/15 096	803,9/13 398

Әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қабылдау квотасы	1978		
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	18	1 209,3/20 155	1 055,9/17 598
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6	905,8/15 096	803,9/13 398
6B04 Бизнес, басқару және құқық	27	905,8/15 096	803,9/13 398
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	248	933,6/15 560	831,8/13 863
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	505	1 111,4/18 523	1 009,6/16 826
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	812	1 111,4/18 523	1 009,6/16 826
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	148	933,6/15 560	831,8/13 863
6B11 Қызмет көрсету	13	1 242,6/20 710	1 089,3/18 155
6B11 Қызмет көрсету	201	905,8/15 096	803,9/13 398
Халықаралық келісімдер бойынша шетел азаматтарын оқытуға*, Шетел азаматтарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға арналған стипендиялық бағдарлама	855	635,8/10 597	635,8/10 597
ЖЖОКБҰ даярлық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқытуға	1 750	344,8	344,8
"Назарбаев Университеті" ДББҰ –да студенттерді	1 250	5509,7*	
"Назарбаев Университеті" ДББҰ даярлық бөлімінде тыңдаушыларды оқытуға	550	4672,6*	
Резерв	200	1 242,6/20 710	1 089,3/18 155
Халықаралық және шетелдік оқу орындарында және (немесе) олардың Қазақстан Республикасындағы филиалдарында оқытуға оның ішінде:			
"МИФИ" ұлттық ядролық зерттеу университеті" Федералдық мемлекеттік дербес Жоғары білім беру мекемесінің филиалында	100	1 824,60	
"И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті (Ұлттық зерттеу университеті)" Федералдық мемлекеттік дербес Жоғары білім беру мекемесінің филиалында	100	2 041,20	
Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті Федералдық мемлекеттік Жоғары білім беру мекемесінің филиалында	40	1 009,60	
М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалында	200	2 517,10	
Мәскеу авиация институтының "Восход" филиалында	35	874,9	
"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ екі дипломдық білім беру бойынша Аризона университетінің филиалында	200	4 805,50	
"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" КеАҚ стратегиялық әріптестік шеңберінде іске асырылатын бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша Аризона университетінің филиалында	200	2 500,00	

"Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" КеАҚ базасында екі дипломдық білім беру бойынша Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Хериот-Уатт университетінің филиалында	172	4 328,00	
"Нархоз университеті" КеАҚ базасында "Queen' s University Belfast"Белфасттағы Королева университетінің филиалында	30	5 054,00	
Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті КеАҚ базасында "City University of Hong Kong" Гонконг қаласы университетінің филиалында	30	5 095,00	
"Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КеАҚ базасында Берлин техникалық университетінің филиалында	50	2 466,00	
"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы базасында "Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (университет)" федералдық дербес мемлекеттік жоғары білім беру мекемесінің (Ресей Федерациясы) филиалында	60	x	
Cardiff University Astana шетелдік оқу орнында	300	x	
"Coventry Kazakhstan" (Ковентри Қазақстан) шетелдік оқу орнында	200	x	
"Қазақстандағы Анхальт халықаралық университеті" Анхальт колданбалы ғылымдар университетінің филиалында	50		
Барлығы	77 084		

* Мемлекеттік білім беру тапсырысының құны даярлау бағыттары бойынша есепке алынады

x 2023 жылғы 10 шілдедегі № 311 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің "Кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың кейбір мәселелері туралы" бұйрығына сәйкес қаржыландыру жүзеге асырылады

** Мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 923 қаулысымен бекітілген "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының зерттеу университетін дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде білім алушыларға берілетін грант мөлшеріне "1,05" арттыру коэффициентін белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

".

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің міндетін атқарушы*

Г. Көбенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК